

«А. Байтұрсынұлы атындағы ЖОББМ» КММ бракераж комиссиясының 2023 жылғы 12 қыркүйектегі № 2 хаттамасы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектеп асханасында оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру туралы
2. Жеңілдікті санаттағы балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру
3. Тамақтану құны
4. Тамақтану сапасы

Тыңдалды:

1. ТЖДО Е. В. Придатко 05.09.2022 жылдан бастап білім алушыларды толық тамақтанумен қамтамасыз ету және жеңілдікті санаттағы балалардың әлеуметтік құқықтарын қорғау мақсатында жалпыға бірдей білім беру қорының қаражаты есебінен 1-4 сынып оқушыларын және жеңілдікті санаттағы балаларды тамақтандыру ұйымдастырылғанын хабарлады. «Жалпы білім беру мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыру» қызметін алатын 1-4 сыныптар мен оқушылар үшін тамақтану құны 450 теңгені құрайды.

2. Мектепте тегін ыстық тамақ қызметін оқушылардың келесі санаттары алады:

- атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балалар;
- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар;
- мектепті басқарудың алқалы органы (Қамқоршылық кеңесі) айқындаған өзге санаттағы балалар.

Тыңдалды:

Мектептегі тамақтану сапасы қанағаттанарлық екенін хабарлаған мектеп медбикесі Е. С. Павленко. Тағамдарды тексеру нәтижелері, олардың сапасы күн сайын тағамдар мен аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналында көрсетіледі.

Бракераж комиссиясының
төрағасы

Хатшы



Кулатаева А.Кулатаева

_____ Е.Придатко